



**С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА  
УНИВЕРСИТЕТІ**

# **ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА 165 ЖЫЛ**

**Ғылыми кітапхананың  
Анықтама-библиография бөлімі**


# Шәкәрім Құдайбердіұлының



Шәкәрім Құдайбердіұлы (1858-1931) - ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор. Абаймен замандас әрі інісі, әрі ол негізін салған реалистік әдебиет дәстүрлерін алға апарушы ізбасары. Өзі өмір сүрген ортаның қоғамдық-саяси және әлеуметтік сыр-сипаттарын керебілуде, қоғам мен адам табиғатындағы кемшіліктерді зерделеуде, туған халқына түзу жол көрсетуде Құдайбердіұлы Абай бағытын ұстанды.


Шәкәрімнің әкесі Құдайберді Құнанбайдың Күңке деген бәйбішесінен туған, яғни Абайдың туған ағасы. Шәкәрім бес жасында ауыл молдасына оқуға беріледі де онда жеті жасына дейін оқиды.

Жеті жасында әкеден жетім қалған ол бұдан былайғы кезде Абайдың тікелей тәрбиесінде болады. Өскен ортасының аса бай дәстүрлері мен Абай ағасының тәрбиесі табиғатынан зерек Шәкәрімнің жетімдік көрмей өсуіне ғана емес, оның таланты ақын, парасатты ой иесі болуына да зор ықпал жасады.




# ӨМІРБАЯНЫ

Туған жері қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданындағы Шыңғыстау бөктерінде 1858 ж. шілденің! 1-де дүниеге келген. Оның әкесі Құдайберді Құнанбайдың үлкен бәйбішесі Күнкеден туған, Абаймен әкесі бір, шешесі бөлек. Шәкәрім сонда Абайға немере іні болып келеді.








Шәкәрім бес жасында оқуға беріліп, екі жылдай оқиды. Құдайберді отыз жеті жасында дүниеден өткенде, атасы Құнанбайдың тәрбиесінде болған Шәкәрім жетімдік тауқыметін тарта қоймаған. Өзінің «Мұтылғанның өмірі» атты ғұмырнамалық өлеңінде бес жасында ауыл молдасынан сабақ ала бастағанын жазады. Атасы оның көңіліне қаяу түсірмей, бетінен қақпай, еркелетіп өсіреді: ол жөнінде ақынның өзі: «қажы марқұм мені „жетім“ деп аяп, қысып оқыта алмай, жетімді сылтау етіп, ойыма не келсе, соны істеп ғылымсыз өстім» деп өкіне еске алады. Алайда ақылды бала өсе келе тез ес жиып, жеті жасынан бастап өлең сөзге бейімділігін танытады.

## РЕСМИ АҚТАЛУЫ



1988 жылы Шәкәрім ақталып, оның өлмес, өшпес мұрасы халқына қайта оралды. Осы жылы ақынның “Жазушы” және “Жалын” баспасынан өлеңдер, ал “Өнер” баспасынан әндер жинақтары жарық көрді. Тап осы жылы қажының 130 жылдығы Абай ауданы, 1998 жылы 140 жылдығы Семей қаласы көлемінде тойланды.

# Шәкерім Құдайбердіұлы және мұрасы



Шәкерім Құдайбердіұлы дүниеге келген Кеңқоныс. Қазіргі Абай облысы Абай ауданы




Шәкерім қажы өмірінің аяғына қарай мекен еткен Саят қораның жұрты. Абай ауданы. 3 қазан, 2011 жыл






Чекист Абзал Қарасартов бастаған топ тергеусіз, сотсыз атып өлтірген Шәкерім қажы Құдайбердіұлының сүйегі 30 жыл жатқан құр құдыққа қойылған құлыптас. 3 қазан, 2011 жыл



Ахат Шәкерімұлы Құдайбердиев (1900 - 1984). Семей облысы Абай ауданы. Жергілікті фотограф Сабыржан Құсайыновтың жеке архивіндегі фото





# Шәкәрім мұрасы – мәңгілік шежіре



Шәкерім Құдайбердіұлы 1958 жылы ақталғаннан кейін «Қазақ әдебиеті» газетінің 1959 жылғы 9 қаңтардағы санында жарияланған суреті мен бір топ өлеңі.

Шәкерім Құдайбердіұлы шығармаларының 1960 жылдарғы қолжазбалары және Ахат Құдайбердіұлының әкесі жайлы естелігі. Қолжазбалар Семей қаласының тұрғыны Аманғазы Смағұловтың жеке қорынан алынды.



Азаттық радиосының 1973 жылғы 27 қаңтар күнгі Шәкерім туралы хабарының жазбаша нұсқасы. Хасен Оралтайдың жеке қорынан.




# ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ







«1896 жылы құдық қаздым.  
Мен Шаһкарим». 1997 жылға  
дейін Шыңғыстауда жатқан  
артефакт - «Шәкерім тасы».  
Қазір Алматыдағы Мұхтар  
Әуезов музейінің экспонаты



Өлкетанушы Серікқазы  
Шабданов «Шәкерім тасының»  
Шыңғыстауда жатқан жерін  
көрсетіп тұр. Үстінен ретушь  
жасалған фото. Жылы белгісіз



Ахат Шәкерімұлы (ортада) және  
"Абай" совхозының директоры  
Санақбек Қасымжанов (оң жақта)  
Жидебайдағы Абай мұражайы  
алдында тұр. Бұрынғы Семей  
облысы Абай ауданы. Сабыржан  
Құсайыновтың жеке архивіндегі  
фото



Қазақ ақын-жазушылары мен  
Ахат Шәкерімұлы (оң жақта)  
Семейдегі Абай мұражайының  
алдында тұр (жылы белгісіз)





# АБАЙ ЖӘНЕ ШӘКӘРІМ



Құдайбердіұлы өмір сүріп, еңбек еткен тарихи кезеңде қазақ әдебиетінде Абай іргетасын қалаған ргалистік дәстүр қалыптасып кележатқанды. Шәкәрім осынау өнегелі үрдісті алғашқы жалғастырушылардың бірі болды. Абай мен Шәкәрім арасында тамырластық аса терең. Өз заманының келелі мәселелерін, қоғамдық шындықты қозғауда екі ақын да ерекше қуат танытқан. Абай тәрізді Шәкәрімнің де ақын ретінде ұсақ-түйек міндерді сынаудан бастап, өз кезінің күрделі әлеуметтік мәселелерін көтеруге дейінгі аралықтағы терең ойлары, парасатты тұжырымдары сайрап жатыр.

# Нақыл сөздер жинағы



# Назарларыңызға рақмет !

Орындаған: Анықтама-библиография бөлімінің  
меңгерушісі Елеуқенова С.А.